

Жетістік мектебі "Керім - ай " балабақшасы

«Берекелі алтын күз»

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)



"Қонжық" тобы

Тәрбиеші: Қалила Ж

Ақтөбе қаласы

2022 жыл

Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар,халайық,

Бармысыздар ,халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Берекелі Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Қонжық» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!
(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Ән: «Алтын күз»

Сөзі мен әні: Бота Бейсенова.

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздері туралы тақпақтар айтып береді:

Асыл:

Дөп дөнгелек сап-сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасын көріп,

Менің атым өрік.

Ибрахим:

Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім.

Жерге сілкіп түсірме,

Ісіп кетер маңдайым.

Сезім:

Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз, тәттіміз.

Аяла:

Асханадан шықпаймын,
Атым пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам,
Тұмаудан бірақ, сақтаймын.

Эмир:

Картоп біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

Жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той
Қуанышты күн біліп қой
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой деп, — биімен ортаға балаларды шақырамыз.

Би: «Кап кап –тук тук»

Жарайсыңдар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын күз» мерекесіне жиналды. Апайларымызда келді. Бірақ бізде кім жетіспейді. Сендер білесіңдерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.
(Сикырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған
Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынға малынған,

Мен Күз ханшайымымын,

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

— Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсін!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ендеше біздің балаларымыздың аналары жасаған күздік киім үлгілерін тамашалайық. Қарсы алыңыздар!

Ойын: «Үлкен кіші ажырат».

Ойынның шарты: Балалар, мына тұрған ыдыстағы дәндерді қолдарымен ұстап, ірі ұсақты анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, өте ұқыпты екенсіңдер.

Жүргізуші: Балабақша бағында,

Сайраңдаймыз жанында.

Нақ өзіндей бүлдіршін,

Көп достардың жанында,- деп, біздің кішкентай биші қыздарымызды

«**Жапырақтар**» биін қарсы алыңыздар.

Би: «**Жапырақтар.**»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Күз ханшайымы біздің балалардың өнерлері әлі біткен жоқ. Балаларымыз тағы да тақпақ айтып береді:

Азиза:

Сарғайды тоғай,

Сап- сары маңай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Хан:

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет тамаша

Қандай әсем күз.

Алинур:

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан, алуан, жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Жүргізуші: Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, ол сонымен ойын ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

Ойын: «Сиқырлы орамал»

Қане, шеңбер құрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық.

(Балалар теріс қарап тұрғанда күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды.)

Күз ханшайымы: Ал балалар енді бұрылып қарайық.

Орамалды ашайық,

Астында не, қарайы

Бұл не?

Себет қой!

Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы, байлығы деп алмаларды балаларға үлестіреді. Балалар алғыстарын айтады.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар! (Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Қонжық» тобының «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!



